

Бейкутова Арайлым Муратбековнаның «8D01721 – Шетел тілі педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми - әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген

ПІКІР

Зерттеу тақырыбы қазіргі жаһандану үдерісімен, халықаралық ақпараттық кеңістіктің кеңеюімен, цифрлық технологиялардың жедел дамуымен және медиасаланың трансформациялануымен тығыз байланысты. Бүгінгі қоғамда журналист тек ақпарат жеткізуші ғана емес, сонымен қатар түрлі медиаплатформаларда кәсіби коммуникация жүргізе алатын, ақпаратты сыни тұрғыдан талдайтын, халықаралық медиакеңістікте еркін әрекет ететін маман ретінде қарастырылады. Осыған байланысты шетел тілін кәсіби қызмет аясында тиімді қолдана алатын, медиакоммуникация құралдарын меңгерген мамандар даярлау мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр.

Зерттеу барысында ізденуші болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін теориялық және практикалық тұрғыдан кешенді түрде қарастырған. Диссертацияда отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне терең талдау жасалып, медиабілім, медиасауаттылық, кәсіби коммуникация, құзыреттілік тәсіл, шетел тілін кәсіби бағытта оқыту мәселелері жан-жақты зерделенген. Зерттеу жұмысының теориялық бөлімінде шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілік ұғымының мазмұны кеңінен ашылып, оның құрылымдық компоненттері ғылыми тұрғыдан негізделген.

Бейкутова А.М. алғашқы зерттеуші ретінде шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттіліктің құрылымын лингвопрагматикалық, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-аналитикалық және цифрлық компоненттер арқылы жүйелей отырып, олардың болашақ журналистің кәсіби қызметіндегі маңызын нақты сипаттайды. Ізденуші аталған компоненттердің өзара байланысын ғылыми тұрғыдан негіздеп, олардың кешенді түрде қалыптасуы болашақ журналистің кәсіби даярлығын қамтамасыз ететінін дәлелдей алған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы ұсынылған әдістемелік модель мен арнайы ұйымдастырылған жаттығулар жүйесінен айқын көрінеді. Бұл модель мақсаттық, мазмұндық, технологиялық және нәтижелік компоненттерді қамти отырып, білім беру үдерісін кешенді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, себебі қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі құзыреттілік тәсіл қағидаларына негізделген және студенттердің кәсіби қажеттіліктеріне бағытталғанымен ерекшеленеді.

Ұсынылған әдістемелік жүйенің мазмұны кәсіби бағытталған тапсырмалар арқылы жүзеге асырылған. Автор студенттердің медиакеңістіктегі кәсіби әрекеттерін дамытуға арналған жаттығулар кешенін ұсынады. Атап айтқанда, ақпараттық материалдарды талдау, медиамәтіндер

әзірлеу, жаңалық құрастыру, сұхбат жүргізу, бейнематериалдар дайындау, әлеуметтік желілерде кәсіби коммуникация ұйымдастыру сияқты тапсырмалар жүйесі білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Мұндай тапсырмалар студенттердің тек тілдік білімін жетілдіріп қана қоймай, олардың сыни ойлау, ақпараттық талдау, медиасауаттылық және цифрлық коммуникация дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ерекшеленеді. Эксперимент нәтижелерінің талдауы білім алушылардың кәсіби коммуникациялық дағдыларының, ақпараттық-аналитикалық қабілеттерінің және цифрлық біліктіліктерінің артқанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде, журналистика мамандығы бойынша кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында, медиакоммуникация және медиа сауаттылық пәндерінде тиімді пайдалануға мүмкіндік бар. Сонымен қатар автор ұсынған әдістемелік материалдар мен тапсырмалар жүйесі оқытушылар үшін практикалық құрал ретінде қызмет атқара алады.

Диссертацияның құрылымы логикалық жағынан бірізді, ғылыми стильде жазылған және мазмұны жағынан тұтас ғылыми еңбек ретінде қалыптасқан. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығы, теориялық негізділігі, әдістемелік жүйелілігі және практикалық маңыздылығы жоғары зерттеу болып табылады. Зерттеу нәтижелері педагогика ғылымы мен кәсіби білім беру теориясына өзіндік үлес қосады деп есептеуге толық негіз бар.

Қорытындылай келе, диссертациялық жұмыс қазіргі жоғары білім беру жүйесінің талаптарына толық сәйкес, мазмұны терең, құрылымы жүйелі және қолданбалы маңызы жоғары ғылыми еңбек ретінде бағаланады. Зерттеу болашақ журналистердің шетілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін жүйелі түрде шешуге бағытталған дербес ғылыми еңбек болып табылады және Бейкутова Арайлым Муратбековна философия докторы (PhD) дәрежесін алуына толық лайық деп есептеймін.

**Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
Шетел тілдері және аударма БББ доценті,
филология ғылымдарының кандидаты**



Салдыбекова С.І.

қолды РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ подпись